

QAZAQ TILI






«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ

*II семестр, В2 деңгейі, 2 апта
(Барлық мамандықтар үшін)*

Әзірлеген: Хамзина Қ.М.

ҚТжМ кафедрасы, ф.ғ.к., доцент



2 АПТА ТАҚЫРЫБЫ
ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП:
БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП:
МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ КЕЙБІР
ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ, СЕПТЕЛУІ.

Сабақтың мақсаты мен міндеттері:

- Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
- Өз көзқарасын айтуға машықтандыру;
- Қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру;
- Өзара сөйлесіп, ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.
- Сабақ барысында тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым сынды кешенді әдістер арқылы студенттердің білімдерін толықтыру.

ӨТКЕН ТАҚЫРЫПТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

1. «Ғылыми-техникалық даму – ел дамуының басты факторларының бірі» ұғымымен келісесіз бе?

2. Ғылыми-техникалық дамудың пайдасы мен зияны. Көзқарасыңыз?

3. Ғылыми-техникалық дамудың Қазақстандағы бейнесі жайлы ойыңыз?

КІРІСПЕ

Көрнекті педагог М.Жұмабаев айтпақшы қоғамымыз «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» қайратты, мықты, білімді жастарға үлкен сенім білдіреді. Еліміздің, жеріміздің көркеюі үшін, болашақ мамандардың ой тізгінінің алғырлығы, ұшқырлығы, тың идеялары өте қажет. Қай мамандық иесі болсын, өз ісіне зор жауапкершілікпен, үлкен міндетпен қараған адамның жетер белестері мен жетістіктері де өте көп болмақ.

Былтырғы 2019 жыл «Жастар» жылы болып бекітілді. Бұл жастарға деген нық сенімділікті білдіреді. Сөзімізді қорыта келе жастар өзіне мемлекет бізге не береді деп емес, мен еліме, жұртыма мемлекетім үшін не істей аламын деген сауал қоюы тиіс. Сонда ғана біз өркендейміз.

Жаңа сөздер:

Мүмкіндіктер –

Тәжірибе –

Мамандық –

Қамтамасыз ету –

Үлкен сала –

Микросұлба –

Кәсіпорын –

Зиянды қалдықтар –

Сала жетістіктері –

Болашақ –

***Жаңа сөздерді есте сақтаңыз, сөз тіркестерін құраңыздар.**

***Сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыздар.**

Білімді ұрпақ – ел ертеңі (ТЫҢДАЛЫМ)

Бүгінгі күннің негізгі талабы білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын творчестволық адамға айналдыру.

Мұндай азаматтарды тәрбиелеу үшін өткен тәжірбиені жаңашыл үрдістерді тиімді кіріктіре қолдану. Бұл жағдай жаңалыққа жақын болуды, жүрекпен ойлауды, көзқарастар мен дүниетанымды өзгертуді, өзіңді танып, өзіңнің ішкі мүмкіндіктеріңді іске қосудың тетіктерін білуді алдыңғы қатарға шығарады. Сонымен бірге көп тілді меңгеруді талап етеді.

Жоғары оқу орны білімінен кейінгі бағдарлама бойынша негізгі міндеттердің бірі елдің индустриалды-инновациялық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары және жоғарыдан оқу орны білімінен кейінгі кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Болашақта да қажет мамандықтар:

Инженерлік мамандықтар (құрылысшылар, технологиялық машиналар мен техникалары, машина жасаушылар, металлургия, энергетиктер, мұнай және газ саласының, есептеу техникасының, радиотехника, электроника және телекоммуникация, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің технологиясы мен құрастыру, тау-кен ісі, автоматтандыру және басқару, прибор жасау және жылу энергетикасы, барлық өнеркәсіп салаласында инженер-маркетологтар мен менеджерлер. АТ және компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету мамандары);

Бағдарлама жасаушы - бағдарламалық жасақтаманы құратын маман. (веб-әрлеуші - ең жоғары ақылы «компьютерлік» мамандықтардың бірі);

Нанотехнологиялар. (Нанотехнология - бұл молекулалармен және атомдармен жұмысқа негізделген технология, бұл біршама заттардың жасырын және бағалы қасиеттерін пайдаланатын технология. Нанотехнология - бұл үлкен сала, оны үш бөлікке бөлуге болады: микросұлбаларды жасау, наноөлшемдегі роботтарды жасау, сонымен қатар атомдық деңгейдегі инженерия. Нанотехнология барлық ғылым салаларымен байланысты);

Биотехнология - биологиялық жүйелер мен олардың элементтерін пайдаланатын технологиялар. Қазіргі уақытта биотехнология ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады, онда гендік инженерия мен микробиология әдістерінің көмегімен гендік модификацияланған өнімдер алады. Биотехнология молекулярлық медицинада, биофармацевтикалық өндірістерде және басқа салаларда қолданылады. Электроника мен биотехнологияның түйіскен жеріндегі мамандықтар маманнан электроникада да, биоинженерияда да терең білімді талап етеді;

Сервиспен байланысты мамандықтар;

Логистика. Логистика саласы кәсіпорынның қызмет етуінде бірінші кезекті маңыздылыққа ие;

Экология (Атмосфераға зиянды қалдықтардың өсуі болашақ жаһандық әлемде бірінші орындардың бірінде экология мәселесін қояды. Бір жағынан, кәсіби экологтарға сұраныс арта бастайды, ал екінші жағынан - табиғат қорғаушылардың талаптарының спектрі кеңиді);

Медициналық мамандықтар. Медицинада электроника, биотехнология саласының жетістіктерін жемісті пайдаланады.

Химия (Химия саласының мамандары энергетика саласында ерекше маман. Энергияның баламалы көздері аса қажет. Химия - инновация мен болашақтың ғылымы);

Тағамдық өнеркәсіп. Агроном және фермер мамандықтары.

МӘТІН БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР: (АЙТЫЛЫМ)

1. ЖАҢА СӨЗДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАҢЫЗ.
2. МӘТІНДІ ОҚЫП, ТҮСІНІҢІЗ, АУДАРЫҢЫЗ.
3. КӨРШІҢІЗБЕН «ЖАҢА МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ» СҰХБАТ ҚҰРАСТЫРЫҢЫЗ.
4. МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ АЙТЫҢЫЗ.
5. ОЙТОЛҒАУ. «СІЗДІҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІҢІЗДІҢ, ТАНЫСТАРЫҢЫЗДЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ».

ТИІСТІ МАҒЫНАЛАРЫН СӘЙКЕСТЕНДІРІҢІЗДЕР (ОЙ ШАҚЫРУ)

Жаңашыл	тәрбиелеу
Азаматтарды	орны
Инженерлік	ісі
Тау-кен	үрдістер
Жоғары оқу	меңгеру
Жеңіл	жасау
Бағдарлама	модификациялар
Гендік	мамандықтар
Көп тілді	жасаушы
Прибор	өнеркәсіп

БЕЙНЕРОЛИК БОЙЫНША СҰРАҚТАР

- *Қазақстан жастарының алдында қандай мақсаттар тұр?*
- *«Жастар жылы» аясында қандай белсенді жастар туралы мәлім болды?*
- *Елімізде жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында қандай бағдарламалар бар?*



**ГРАММАТИКА (ТҮРТІП АЛУ)
ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! ЗАПОМНИТЕ!**

**МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ,
СЕПТЕЛУІ**

МОДАЛЬ СӨЗДЕР СӨЙЛЕУШІНІҢ АЙТЫЛУ ӘРЕКЕТІНЕ
ҚАТЫНАСТЫ СӨЗДЕР.

(МОДАЛЬНЫЕ СЛОВА ВЫРАЖАЮТ ОТНОШЕНИЕ
ГОВОРЯЩЕГО К ВЫСКАЗЫВАНИЮ, ДОСТОВЕРНОСТЬ И
ОЦЕНКУ ЕГО СОДЕРЖАНИЯ, ОБОЗНАЧАЮТ ЧУВСТВА,
КОТОРОЕ ВЫЗЫВАЕТ У НЕГО СООБЩАЕМОЕ И Т.Д)

***МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ,
СЕПТЕЛУІ (СІЗ БІЗГЕ КЕРЕКСІЗ; ДҮКЕНДЕ КЕРЕКТІҢ БӘРІ
БАР; ҚАЖЕТІМЕ ЖАРАТАМЫН).**

Модаль сөздер:

рас – действительно

расында – на самом деле

мүмкін – наверное, возможно

керек – необходимо

шынында – в действительности

қажет – нужно

албетте – непременно

тиіс – должен

гой – же

ықтимал – вероятно

әрине – конечно

екен – оказывается

шығар – наверное

шамасы – видимо

болар – должно быть

сияқты – кажется

тәрізді – как будто

секілді – как

№1 ТАПСЫРМА: ТӨМЕНДЕГІ МӘТІННЕН МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІ ТАУЫП, АСТЫН СЫЗЫҢЫЗ. ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫҢЫЗ.

ОЛ АДАМҒА ОСЫ ЗАТ КЕРЕК ЕДІ. КӨРШІМ КӨПТІ КӨРГЕН, ИНАБАТТЫ ЕГДЕ КІСІ ЕКЕН. ТУЫСТАРЫМ БҮГІН–ЕРТЕҢ КЕЛІП ҚАЛАТЫН БОЛАР. КЕШІГІП ҚАЛҒАН ШЫҒАР. БҮГІН КҮН ЖЫЛЫ БОЛАТЫН СИЯҚТЫ. ШАМАСЫ, БҮГІН ТЕЛЕФОН СОҒЫП ҚАЛАР. ӘРИНЕ, МЕН ОҒАН КЕЛІСЕМІН. СӘУІРДІҢ БАС КЕЗІ ЕДІ. ҚОЛЫМДЫ АУЫРТТЫҢ ҒОЙ.

№2 ТАПСЫРМА: *ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН МОДАЛЬ СӨЗДЕРМЕН СӨЙЛЕМ ҚҰРАҢЫЗДАР*

МОДАЛЬ СӨЗДЕР	СӨЙЛЕМДЕР
Керек	
Сияқты	
Екен	
Мүмкін	
Шығар	
Болар	
Рас	
Шамасы	
Әрине	

САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

СҰРАҚТАРЫ:

1. Болашаққа қажет мамандықтарды атаңыздар;
2. Мәтіннен модаль сөздерді табыңыздар;
3. Сервиспен (қызмет көрсету) байланысты мамандықтарды атаңыз;
4. Сабақ барысында қандай жаңа сөздер есіңізде қалды? Атап шығыңыз;

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек. Ал барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында. Елбасының Халыққа Жолдауында: «Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр» - деп, жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын қылайық.

Жастарымыз еліміздің байрағын тек биіктен көрінуіне бар күш-жігерін жұмсасын!

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

- 1. Мәтінді оқу, әңгімелеу;**
- 2. Жаңа сөздерді жаттау;**
- 3. «Білімді адам моделі»
тақырыбында эссе жазу.**

***Үй жұмысын <https://univer.kstu.kz/>
жүктеңіздер***

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1929-2015 – Астана, 2015;
2. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. – Астана, 2017. -282 б;
3. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1, 2, 3, 4 кітап.- Алматы, Евера, 2018;
4. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАҚМЕТ!***

